

Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытта кеңейтудің кейбір мәселелері

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 мамырдағы N 408 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1102 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.09.28 № 1102 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытта кеңейту жобасын тиімді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) "Қазақтеңізкөлікфлоты" ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы" акционерлік қоғамында (бұдан әрі - "ҚТКФ" АҚ) мүліктік жалдаудағы N 4, 5 және 9 мұнай құю айлақтарын осы учаскеде орналасқан жабдықтармен, коммуникациялармен, құрылғылармен және инфрақұрылымның ажырамас объектілерімен бірге "ҚТКФ" АҚ-ның N 4 және 5 айлақтарды қайта жаңарту жөніндегі шығындарын өтеусіз "Ақтау халықаралық теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қайтаруды қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

2. "Сауда мақсатында теңізде жүзуді дамытудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N 1263 қаулысының 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі